

ҰЛЫ ДАЛА ИДЕЯСЫ



- Л.Н. Гумилев – бірнеше білім саласының тоғысынан туған этнология ғылымындағы жаңа бағыттың негізін салған, мазмұнын айқындаған зерттеуші. Ғалым өз жаңалықтарын пәнаралық ықпалдастықта – тарих, география, жаратылыстану, психология, мәдениеттану сияқты ілімдер түйісінде ашты. Оның еңбектері өткенсіз болашақ жоқ екенін есте ұстай отырып, тарихты жаңаша сабақтайды, славян және түркі халықтарының тату көршілігі туралы ғылыми негіздеме береді.

- Еуразия халықтарының бірлігі идеясын сараптау – Н. Трубецкой. П. Савицкий, Л. Карсавин, Г. Вернадский және басқа да алғашқы еуразияшылдар еңбегінен басталып, ғылыми негіздемесі мен дамуы Л.Н. Гумилев мұраларында жалғасын тапты. Оны «еуразияшылдардың соңғы тұяғы» деп атады.

- Л.Н. Гумилевтің ғылыми әдістері Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың еуразиялық идеяларымен үндеседі. Еуразия Ұлттық университетінің 10 жылдық мерекесінде сөйлеген сөзінде Президент Н. Ә. Назарбаев: «Біздің астанамызды еліміздің орталығына көшіре отырып, университет құрып, оған ұлы еуразияшыл Лев Николаевич Гумилевтің есімін бере отырып, біз прагматикалық мақсаттарды нысан еттік. Еуразиялық идея теориялық тұрғыда ХІХ ғасырда пайда болды, ол бүгінде мүлде жаңаша өлшеммен бағаланады. Еуразияшылдық бұл – ХХІ ғасырдың идеясы. Бұл – болашақтың

- «Политическая история первого тюркского каганата (546-656)» атты кандидаттық диссертация қорғағаны мәлім. Тұтқында жүргенде «Хунну» (1960) кітабын жазып, ол кітап кейіннен «Степная трилогия» кітабының бір бөлігі болды. Сондай-ақ, оның «Древние тюрки» (1967), «Поиски вымышленного царства» (1970) атты еңбектері бар. Алғашқы екі кітабында Л. Н. Гумилев Ұлы дала этносының тарихын суреттесе, «Поиски вымышленного царства» бөлігінде еуропалықтардың Еуразия даласының тұрғындарына алдын-ала жоспар бойынша жасалған қарым-қатынастарының қалай туындағаны көрсетілген.

- 60-70 жылдарда Л.Н. Гумилевтің ғылыми еңбектерінің тарихи құрылымы жалпылама түрде қабылданған кеңестік тарихи ғылымнан түбегейлі айрықша болды, сондықтан да оның жұмыстары теріс бағаланды.

□ Еуразияшылдар мен Л.Н.Гумилевтің мағыналы байланысының ақиқат растамасы еуразияшылдықтың негізін қалаушылардың бірі ретінде Л.Н.Гумилевтің шығармашылығындағы еуразияшыл дәстүрді қолдап, оны осы жолға салған П.Н.Савицкиймен жазысқан хаттары мен гумилевтік тарихи жұмыстардың рухы болып табылады. 1958 жылы П.С.Савицкий Прагадан Л. Н.Гумилевқа былай хат жазады: «Древние кочевники являются для нас великим примером того, как нужно сражаться и побеждать, защищать себя, сохранять свой быт, свой жизненный уклад, свою самобытность». Ары қарай: «До самого основания обломить Западу рог его высокомерия – вот задача нашего времени. Наука о кочевниках может и должна этому служить...». Мұны П.С. Савицкий жеке хатында айтады

- Сонымен бірге Л.Н. Гумилевтің ғылымдағы ірі жетістігі, бұл оның пассионарлық идеясы мен этногенез теориясының негізін салуы. Ол «этносты табиғат пен әлеуметтік ортаның ықпалдасуынан пайда болған ерекше құбылыс»-деген тұжырым жасаған болатын. Л. Н. гумилевтің пайымдауынша ғарыш Жерге ауық-ауық энергия тасқынын жіберіп отырады. Пассионарлықтың осылайша ағылуы ұлттар (этностар) мен өркениетті (супер этностарды) туғызады.
- 1992 жылы берген соңғы сұхбатында Л. Н. Гумилев өзінің ғылыми биографиясының қорытындысын былай шығарды: «Смысл моей жизни отчасти был в том, чтобы восславить и воздать должное кочевым народам Евразии,